

Қоғам қайраткері Нұртас Оңдасыновтың есімін беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 15 қазандағы N 1061 Қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы ұйымдарды, темір жол станцияларын, әуежайларды , сондай-ақ физикалық-географиялық объектілерді атау мен қайта атаудың және олардың атауларының транскрипциясын өзгертудің тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы N 281 қаулысына, 2004 жылғы 10 наурыздағы N 301 қаулысымен бекітілген Нұртас Оңдасыновтың туғанына 100 жыл толуы мерейтойына дайындық және оны өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарының 4-тармағына сәйкес және Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің ұсынысын ескере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қаласының "Дарын" мектеп-интернатына қоғам қайраткері Нұртас Оңдасыновтың есімі берілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі